



## Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 наурызда № 8380 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 12 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрінің 29.12.2015 № 12 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 14-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Тізілімге сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Агенттіктің Мемлекеттік қызметті өткеру бөлімі (Т.Қ. Жұмағұлов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялау күнінен бастап, бірақ 2013 жылдың 26 наурызынан ерте емес қолданысқа енгізіледі.

Төраға *А. Байменов*

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігі Төрағасының  
2013 жылғы 19 наурыздағы 06-7/32  
бұйрығымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары**

Осы Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс (бұдан әрі – конкурс) өткізудің және мемлекеттік органдарда конкурс комиссиясын қалыптастырудың шарттары мен тәртібін айқындайды және «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 14-бабына сәйкес әзірленді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Конкурс Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу конституциялық құқығын қамтамасыз етеді.

2. Конкурсты «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдары бар (бұдан әрі – бос лауазымдар) мемлекеттік органмен лауазымдардың тиісті санаттарына резервшілер тізімі қаралғаннан кейін ө т к і з і л е д і .

3. Конкурс жариялаған мемлекеттік орган бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарға іріктеуді жүзеге асыру үшін конкурс комиссиясын қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

4. Конкурс комиссиясының шешімі бос лауазымға орналасудың немесе мұндай лауазымға орналастырудан бас тартуға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, жарияланған конкурс оның өткізудің кез келген кезеңінде ол туралы міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланып тоқтатылуға тиіс.

### **2. Конкурс өткізудің шарттары мен тәртібі**

6 . К о н к у р с қ а :

1) «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 10-бабы 4-тармағында, 13-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес;

2) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары қ а т ы с а д ы .

7. Конкурс туралы хабарландырулар жарияланғаннан кейін мемлекеттік органға осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған азаматтар конкурс қатысушылары болып табылады.

8. Конкурс комиссиясы шешімінің негізінде әңгімелесуге жіберілген конкурс қатысушылары бос лауазымға орналасуға кандидаттар (бұдан әрі – кандидаттар) болып табылады.

9. Конкурс комиссиясы конкурсқа қатысушылар берген құжаттарды қарайтын, кандидаттармен әңгімелесу өткізетін және бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарға іріктеуді жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады.

10. Конкурс мынадай сатылардан тұрады:

- 1) конкурс өткізу туралы хабарландыруларды жариялау;
- 2) конкурсқа қатысуға тілек білдірген азаматтардың құжаттарын қабылдау;
- 3) конкурсқа қатысушылар құжаттарының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін алдынала қарау;
- 4) кандидаттармен конкурс комиссиясы өткізетін әңгімелесу;
- 5) конкурс комиссиясының қорытынды отырысы.

11. Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

### **3. Конкурс туралы хабарландыру**

12. Орталық мемлекеттік органдарда, ведомстволарда және олардың аумақтық бөлімшелерінде конкурс өткізу кезінде хабарландырулар орталық мемлекеттік органның және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) интернет-ресурстарында, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда конкурс өткізу туралы хабарландырулар жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың және уәкілетті органның интернет-ресурстарында, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) құрылған жағдайда хабарландыру құрылымында тұратын мемлекеттік органның және уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

13. Конкурс өткізу туралы хабарландырулар жариялағаннан кейін «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3-тармағы, 14-бабының 8-тармағы және 15-1-бабының 1-тармағында көзделген тәртіп бойынша конкурстық рәсімдер аяқталғанша, азаматтарды жарияланған

лауазымға тағайындауға жол берілмейді.

14. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерден тұрады:

1) мекен-жайы көрсетілген конкурс өткізетін мемлекеттік органның атауы, почта мекен-жайлары, телефондары мен факс нөмірлері, электрондық почта мекен-жайлары;

2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбек ақысының көлемі мен шарттары көрсетілген бос лауазымдар атауы;

3) мемлекеттік органмен айқындалған біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

4) құжаттарды қабылдау мерзімі (конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 10 жұмыс күн);

5) осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар тізбесі;

б) әңгімелесу өткізудің мерзімі мен орны;

7) конкурс комиссиясының отырысына байқаушылардың қатысуына қатысты ақпарат.

Конкурс белгілі жұмыс істеу мерзімі бар бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу жағдайында, бұл шарт конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

Хабарландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қосымша ақпаратты қамтуы мүмкін.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **4. Конкурс комиссиясын қалыптастыру**

15. Конкурс комиссиясы осы Қағидалармен айқындалған тәртіппен тиісті лауазымға тағайындауға құқығы бар тиісті мемлекеттік органның басшысымен, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшымен қалыптастырылады.

Аудандарда, қалаларда, облыстарда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін бірыңғай конкурс комиссиясын құруға жол беріледі. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық, қалалық, облыстық атқарушы органдардың бірыңғай конкурс комиссиясы осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар тұлғаның шешімімен құрылады.

Орталық мемлекеттік органның аудандық аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік органның өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшелерінде бірыңғай конкурс комиссиясын құруға жол беріледі. Аудандық аумақтық бөлімшелердің бірыңғай конкурс комиссиясы орталық мемлекеттік

органның өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі басшысының шешімімен немесе жоғары тұрған органның шешімімен құрылады.

16. Конкурс комиссиясы кемінде бес мүшеден тұрады. Конкурс комиссиясының төрағасы осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген тұлғамен айқындалады.

Конкурс комиссиясының құрамына персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) қызметкерлері не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндетін атқару жүктелген тұлғалар, мемлекеттік органның басқа бөлімшелерінің қызметкерлері, сондай-ақ осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген тұлғамен айқындалатын өзге тұлғалар енгізіледі.

Конкурс комиссиясының құрамына мемлекеттік органның басшысы және басшы орынбасары болып табылатын мемлекеттік саяси қызметші кіре алмайды.

Конкурс комиссиясының төрағасы осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген тұлғаның шешімі бойынша персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) басшысы не өзге тұлға тағайындалады.

Бірыңғай конкурс комиссиясының құрамына орналасуға өткізілетін конкурс бос лауазымдар бар мемлекеттік органдардың немесе мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қосылады.

Конкурс комиссиясының хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатыспайды.

Конкурс комиссиясының қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

17. Конкурс комиссиясының құрамына конкурсқа қатысушы кіре алмайды.

18. Конкурс комиссиясы әр жарияланған бос лауазым үшін сол лауазымға үміткер кандидаттарға міндетті тәртіпте және бірдей көлемде қойылатын сұрақтардың тізбесін бекітеді.

19. Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі маслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).**

20. Байқаушылар әңгімелесу өткізу процесінде кандидаттарға сұрақтар қоймайды. Байқаушыларға конкурс комиссиясының жұмысына кедергі

келтіретін іс-әрекеттер жасауға, кандидаттардың жеке басы деректеріне қатысты мәліметтерді жариялауға, кандидаттар қатысатын конкурс рәсімдерінде олардың техникалық жазба құралдарын қолдануға жол берілмейді.

21. Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

22. Конкурс комиссиясының хатшысы байқаушыларды әңгімелесу басталардан бұрын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандағы жадынамен таныстырады.

23. Байқаушылар конкурс комиссиясы отырыстарының хаттамаларымен танысуға және тиісті мемлекеттік органның басшылығына және уәкілетті органға конкурс комиссиясының жұмысы туралы өздерінің пікірлерін жазбаша түрде бере алады.

24. Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген тұлғаның келісімі бойынша конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Сарапшылар әңгімелесуге қатысады, кандидаттарға сұрақ қояды, конкурс комиссиясының мүшелеріне кандидаттар туралы өз пікірлерін білдіреді. Конкурс комиссиясының қорытынды отырысына бұл тұлғалар қатыспайды.

25. Конкурс аяқталғанға дейін уәкілетті органдарға ақпарат беруді және Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген басқа да жағдайларды қоспағанда мемлекеттік органның қызметкерлеріне конкурс комиссияларының құрамы, конкурсқа қатысушылар туралы және олардың жеке деректерін жариялауға жол берілмейді.

26. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің жолдамасы бойынша олардың қызметкерлерінің кандидаттармен әңгімелесуде және конкурс комиссиясының қорытынды отырысына қатысуға жол беріледі.

## **5. Құжаттарды қабылдау**

27. Конкурса қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға мынадай құжаттарын тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;  
2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда тоқтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды караудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

**Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).**

28. Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

29. Азаматтар 27-тармақта аталған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

30. Азаматтар осы Қағидалардың 27-тармағында аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады.

Конкурса қатысу үшін осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген

құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей б е р е д і .

Осы Қағидалардың 27-тармағында аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

31. Конкурс комиссиясының материалдары, конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың сауалнама, өтініш және өзге де құжаттары персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) сақталады.

Конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың өтініштері негізінде оларға осы Қағиданың 27-тармағының 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар қайтарылады. Көрсетілген құжаттардың көшірмелері алынады және олар персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) сақталады.

Аталған құжаттарды сақтау мерзімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 1605 қаулысына сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **6. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарау**

32. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін конкурс комиссиясы конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарауды жүзеге асырады.

33. Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттардың біліктілік талаптарына және осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін қ а р а й д ы .

34. Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде олардың тиісті «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі мен конкурсқа қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды. Шешім хаттама түрінде ресімделеді және комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі конкурс жариялаған мемлекеттік органның интернет-ресурсында және ғимаратында көпшілікке көрінетін жерлерде орналастырылады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына



ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Рұқсат алмаған конкурс қатысушылары конкурс комиссиясы шешім қабылдағаннан кейін екі жұмыс күн ішінде бұл туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады.

## **7. Кандидаттармен әңгімелесу**

35. Әңгімелесудің мақсаты кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

36. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесу жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдарда өтеді.

37. Кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау кезінде конкурс комиссиясы біліктілік талаптарына және тиісті бос лауазымның лауазымдық нұсқауларына сүйенеді.

38. Әрбір кандидатпен әңгімелесу барысы жеке түрдегі хаттамамен ресімделеді немесе техникалық жазба құралдары көмегімен белгіленеді.

Кандидатпен әңгімелесу хаттамасына конкурс комиссиясының төрағасы, мүшелері, кандидат, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асырушы хатшы қолдарын қояды.

Конкурс комиссиясының техникалық жазба құралдарын қолданылғаны туралы конкурс комиссиясының қорытынды отырыс хаттамасында белгі жасалады.

Әңгімелесу кезінде кандидат та техникалық жазба құралдарын қолдана алады. Техникалық жазба құралдарын қолдану конкурс комиссиясы отырысының өтуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

## **8. Конкурс комиссиясының қорытынды отырысы**

39. Әңгімелесу өткізілгеннен кейін екі жұмыс күннен кеш емес өткізілуі тиіс қорытынды отырыста конкурс комиссиясы кандидаттарды берген құжаттары, өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалайды және олардың қатарынан бос лауазымға орналастыру үшін іріктеуді жүзеге асырады.

40. Конкурс комиссиясының шешімі кандидат қатыстырылмай, ашық дауыс беру жолымен қабылданады.

41. Конкурс комиссиясының шешімі егер отырысқа оның құрамының 2/3 кем емес бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

42. Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда кандидат оң баға алады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурс комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

43. Конкурс комиссиясы уәкілетті органға әңгімелесуден өткен кандидаттарды кадр резервіне алуға ұсыным жасауға құқығы бар.

44. Талқылау барысы мен конкурс комиссиясының шешімі конкурс комиссиясының төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттама жасауды іске асыратын хатшының қолдары қойылған хаттама түрінде ресімделеді.

45. Конкурс комиссиясы отырысы хаттамасының көшірмесі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне жіберіледі.

46. Конкурс комиссиясы әңгімелесуден өткен кандидаттарға конкурс нәтижесі туралы, оның аяқталғанынан кейін бес жұмыс күн ішінде хабарлайды.

47. Конкурс комиссиясының шешімі мен конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған кандидаттардың тізімі конкурс өткізілгеннен кейін бес жұмыс күн ішінде мемлекеттік органның ақпараттық қабырғаларында, баршаға көрінетін жерлерге, сондай-ақ оның интернет-ресурсына орналастырылады.

## **9. Кандидаттың лауазымға орналасуы**

48. Мемлекеттік органның басшысы, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған кандидатты жарияланған лауазымға қабылдайды.

Жауапты хатшы «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органының жауапты хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлығында көзделген жағдайларда кандидатты мемлекеттік органның басшысының келісімі бойынша қабылдайды.

## **10. Шағым беру тәртібі**

49. Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

50. Уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі конкурс комиссиясының шешіміне келіп түскен шағымды қарайды және «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, осы Қағидалардың, мемлекеттік қызмет туралы басқа да заңдардың бұзылғаны анықталған жағдайда, конкурс комиссиясына қабылданған шешімді жоюды ұсынады.

51. Уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің ұсынысы конкурс комиссиясының бұрынғы құрамымен өзінің отырысында қаралады. Осы отырыста конкурс комиссиясы бұрын қабылданған шешімін жояды және жаңасын енгізеді, не оны өзгеріссіз қалдырады. Конкурс комиссиясы қабылданған шешім туралы, ол қабылданғаннан күнінен он жұмыс күн ішінде,

уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне және шағым берген конкурс қатысушысына немесе кандидатқа хабарлайды.

52. Конкурс комиссиясының бұрынғы қабылдаған шешімін жоюы және жаңасын енгізуі мемлекеттік орган басшысының, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшының тиісті шешімін өзгертуі немесе қабылдауы үшін негіз болып табылады.

53. Егер конкурс комиссиясы бұрынғы қабылданған шешімді өзгеріссіз қалдырған жағдайда, уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі, сондай-ақ шағым берген конкурс қатысушысы немесе кандидат осы шешімді сот тәртібінде шағым б е р е а л а д ы .

54. Өздеріне қатысты бөлігінде конкурс қатысушылары мен кандидаттар, сондай-ақ уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері конкурс құжаттарымен, тестілеу және әңгімелесу нәтижелерімен таныса алады.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларына 1-қосымша

### **Байқаушыға жадынама**

Б а й қ а у ш ы н ы ң :  
конкурс қатысушысы туралы ақпаратпен танысуға;  
олармен әңгімелесуде қатысуға;  
әңгімелесу өткізу рәсімі туралы оның аяқталғанынан кейін өз пікірін білдіруге ;

конкурс өткізу барысы туралы жалпы баға беруге;  
конкурс комиссиясы отырысының хаттамаларымен танысуға;  
конкурс комиссиясының жұмысы туралы мемлекеттік органның басшылығына және мемлекеттік қызметтік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға өздерінің пікірлерін жазбаша түрде беруге мүмкіндігі бар.

Б а й қ а у ш ы :  
әңгімелесу барысына фото-, аудио-, видеотүсірілімдер жүргізуге;  
конкурс қатысушыларының жеке басы деректерін жариялауға;  
әңгімелесу өткізу процесіне араласуға, конкурс комиссиясы отырысының барысына к е д е р г і ж а с а у ғ а ;  
конкурс қатысушыларына қандай да бір жәрдемдесуге;  
конкурс комиссиясының мүшелеріне олардың шешім қабылдауында әсер е т у г е ;

нақты конкурс қатысушысы туралы, оның жеке қасиеттері туралы жария бағалауға және пікірін білдіре алмайды.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға конкурс өткізу  
және конкурс комиссиясын  
қалыптастыру қағидаларына  
2-қосымша

-----  
(мемлекеттік орган)

### Өтініш

Мені бос тұрған мынадай \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қызмет орнына тағайындалуым  
үшін байқауға жіберуіңізді сұраймын.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу  
және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларының негізгі  
талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

-----  
-----  
-----  
-----  
-----  
-----  
-----  
-----  
-----  
-----

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(Аты-жөні)

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға конкурс өткізу  
және конкурс комиссиясын  
қалыптастыру қағидаларына  
3-қосымша

Фотосурет орны  
(4x6)

## САУАЛНАМА

(Өз қолымен толтырылады)

1. Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

2. Азаматтығы \_\_\_\_\_

Егер өзгертілсе, уақытын көрсетіңіз \_\_\_\_\_

3. Бұрын сотталған ба едіңіз, қашан және не үшін \_\_\_\_\_

4. Шет елде оқыған немесе жұмыс істеген кезіңіз \_\_\_\_\_

Болған еліңіз \_\_\_\_\_

Болған уақытыңыз \_\_\_\_\_

Жұмыс істеген немесе оқыған жеріңіз \_\_\_\_\_

5. Соттың шешімімен жұмыс істеу қабілетіңіз төмен немесе шектелген деп танылдыңыз ба, қашан және не үшін \_\_\_\_\_

6. Белгілі бір мерзімге мемлекеттік қызметті атқару құқынан айырылдыңыз ба, қашан және не үшін \_\_\_\_\_

7. С і з м ы н а д а й :

1) Сіз үміттенген лауазымға тікелей бағынысты;

2) Сіз үміттенген лауазым тікелей бағынысты лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшінің жақын туысы (ата-анасы, ұлы, қызы, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немересі, жұбайы немесе зайыбы) болып табыласыз ба \_\_\_\_\_.

8. Тілдерді білуі: \_\_\_\_\_

9. Мекен-жайы және байланыс телефоны \_\_\_\_\_

-----  
(жеке қолы)

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 ж.

(толтыру күні)

Қазақстан

Мемлекеттік

агенттігі

қызмет

Төрағасының

Республикасының

істері

## **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің күші жойылды деп танылған бұйрықтардың тізімі**

1. «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің қағидасы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 30 қарашада № 986 тіркелді, «Казахстанская правда» 2001 жылғы 23 маусымдағы № 149-150 жарияланған).

2. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасы 2000 жылғы 18 қаңтар № 02-1-7/3 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 7 ақпанда № 1043 тіркелді).

3. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 25 ақпандағы № 2-1-7/16 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 29 ақпанда № 1066 тіркелді).

4. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 16 маусымдағы № 02-1-7/60 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 маусымда № 1173 тіркелді).

5. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының бұйрығы 2000 жылғы 3 қараша № 02-1-7/154 (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 11 қарашада № 1281 тіркелді, «Казахстанская правда» 2000 жылғы 18 қарашадағы № 294-295 жарияланған).

6. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет

істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 6 маусымдағы № 02-2-4/98 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 маусымда № 1544 тіркелді, «Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында» жарияланған, 2001 жылы, № 25, 430-құжат).

7. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 986 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі № 02-01-02/44 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 мамырда № 2268 тіркелді).

8. «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің Қағидасы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2005 жылғы 21 маусымдағы № 02-01-02/80 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 27 маусымда № 3 6 9 4 т і р к е л д і ) .

9. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің Қағидасын бекіту туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы № А-202 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 26 сәуірдегі № 02-01-02/64 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 25 мамырда № 4239 тіркелді, «Казахстанская правда» газетінде 2006 жылғы 3 маусымдағы № 138-139 (25109-25110) жарияланған).

10. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 9 ақпандағы № 02-01-02/113 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 7 қыркүйекте № 4920 тіркелді, «Заң газетінде» 2007 жылғы 4 қазандағы № 152 (1355), Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 жылы, шілде-қыркүйек, жарияланған).

